

# 10-қазан—Парламент Мәжілісі мен Маслихаттар депутаттарын сайлау күні

## Ел сенімін ақтар азамат

«Шәкіртсіз ұстаз-тұл» дейді ғой халық даналығы. Ұстаздық еңбек жолымда менен білім алып, тәрбие көрген оқушыларымның алды ғылым докторы, мемлекет қайраткері болып жатыр. Қаншама шәкірттерім әр салада жемісті еңбек етіп, халқына хал—қадірінше қызмет көрсетуде. Әрине, олардың бәрін атап айтып шығу мүмкін емес. Әйтседе, өзімнен білім алған шәкірттерімнің бірі, ауданымыздың құрметті азаматы, мемлекет қайраткері Қасымбек Медиұлы жайлы айтпай кету мүмкін емес.

Құт—береке дарыған Нұраның киелі топырағы аузымен құс тістеген небір шешендер мен ақын—жазушыларды, әділдіктің ақ туын жоғары ұстаған билер мен батыр—бағландарды дүниеге әкелгені тарихтан белгілі. Осындай киелі топырақта туған Қасымбек Медиұлының өмір жолы әркімге—ақ үлгі—өнеге боларлық. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінен—ақ алғырлығымен ерекшеленген Қасымбек өзінің еңбек жолын аға пионер жетекшілігінен бастаған еді. Сол бір бала кезден қалыптасқан еңбексүйгіштік пен алға қойған мақсатты істің үдесінен шығу қасиеті оны ел таныған азамат, мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерді. Облысымыздың қай ауданында басшы қызметтерде болмасын, Қасымбек Медиұлының атына алғыс сөздер айтылып, абыройлы болғаны бүкіл елдің көз алдында.

1973—1985 жылдары халық депутаттары Ақадыр аудандық Советі атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарып, Ақадыр ауданының тұралап қалған шаруашылықтарын аяғынан тік қойған еселі еңбегі, 1985 жылы Жезді аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып жүріп жасаған елеулі еңбектері біз үшін де мақтаныш. 1988 жылдың қарашасында Қазақстан Компартиясы Жезқазған облыстық комитетінің екінші хатшысы болып сайланып, облыс экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосқаны белгілі.

Қ. Медиұлы туған ауданына әкім болып келіп, қызмет атқарған бес жыл ішінде қадау—қадау істер атқарып, аудан экономикасының дамуына сүбелі үлес қосты. Халқымызға аты мәшһүр жырау Шортанбай Қанайұлының туғанына 175 жыл толуын республикалық дәрежеде атап өтуге ұйытқы бола білген Қасымбек өзі әкім болып тұрған кезеңде ауданымыздағы іргелі құрылыстардың бірі—аурухананың аяқталмай қалған құрылысына қажетті құрал—жабдықтар мен

құрылыс материалдарын облыстан қайта—қайта сұрап жүріп салдыртуы азаматтың жемісті еңбегінің нәтижесі. Талай жылдардан бері жөндеу көрмеген ауданның су құбырын жаңартып, халықты ауыз сумен қамтамасыз етуде жарғақ құлағы жастыққа тимей, түн ұйқысын төрт бөлді.

Халықты имандылыққа ұйытуда, жастарымызға діни тәртіп—тәрбие беруде мешіт үйінің қажеттілігін жете сезінген Қасымбек Медиұлының ұйымдастыруымен аудан орталығынан мешіт үйінің сәулет жұмысы жүргізіліп, күмбездері тұрғызылып, бас—аяғы 20 шақты күннің ішінде халыққа пайдалануға берілді. Мешіт құрылысының қысқа мерзімде аяқталып, пайдалануға берілуіне ауданның барлық тұрғындары, мекеме, ұжымдары атсалысты. Ал, оны ұйымдастырып, жұмылдыру жұмыстарына тағы да Қасымбек жүрді. Бүгінде ауданның үлкен—кішісі имандылыққа бет бұрып, жұма намазына жығылып, жас жеткіншектерге діни дәріс беріп отырғаны, сәулетті де, әсем мешіт үйінің кімге

де ұялмайтындай екені баршаға мәлім. Жуырда ғана 190 жылдық мерей тойын аудан болып атап өткен белгілі би Жанғұттының аты берілген мешіт үйі әрбір ауыл тұрғынының мақтанышы десек артық айтқандық емес.

Қ. Медиұлының бастауымен атқарылған келелі істер мен ауданымыздың әлеуметтік—экономикалық жағдайын көтеру сіндірген еңбегін айтып тауысу мүмкін емес. Осындай білікті де, іскер азаматтың, ел таныған қайраткердің өз ортамыздан шығуы, өзімнің білім берген шәкіртімнің осындай атаққа лайық болуы мен үшін де үлкен қуаныш.

1998 жылдың қаңтар айынан «Алаш» Акционерлік қоғамы президентінің кеңесшісі болып қызмет атқаратын Қ.Медиұлы облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі, Республикалық «Отан» партиясы облыстық партия ұйымы төрағасының орынбасары іскер азаматтың ауданымызбен қоян—қолтық араласып, елден қол үзбей, сыртта жүрсе де халық қамын ойлайтындығына, ел жағдайының жақсаруына қай тұрғыдан болса да үнемі қолдау көрсетіп, өзінің күш—жігерін аямай жұмсайтынына сенемін.

Жерлестері өз қалаулысы—облыстық Мәслихаттың депутатына кандидат Қасымбек Медиұлына бір кісідей дауыс береді деп сенемін.

Жұматай ҚҰТЖАНОВ, қарт ұстаз.